

## Шектеу іс-шараларының белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Кішкенекөл ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 6 наурыздағы № 13 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 7 наурызда № 5241 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Кішкенекөл ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 12 қыркүйектегі № 76 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Кішкенекөл ауылдық округі әкімінің 12.09.2019 № 76 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес, Уәлиханов ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың 2019 жылғы 15 қаңтардағы №17-07/05 ұсынысы негізінде, Кішкенекөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Кішкенекөл ауылдық округінің Кішкенекөл ауылының батыс бағыттында үш шақырым жерде орналасқан, Орталық табына ірі қара малына бруцеллез бойынша шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Кішкенекөл ауылдық  
округінің әкімі*

*С. Сәниев*